

**Астана қаласы әкімдігінің**  
**«№ 2 Өнер мектебі» ШЖҚ МКК**

Келісемін Нахаева  
Кәсіподақ комитетінің төрайымы  
Ж.Нахаева  
«Ж» 08 2025 ж.

Бекітемін \_\_\_\_\_  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№ 2 Өнер мектебі» ШЖҚ МКК  
директоры Н.Ж.Дүйсен  
«Ж» 08 2025 ж.



Педагогикалық кеңесте қаралып, мақұлданды.  
№ 1 хаттама «Ж» 08 2025 жыл.

**№ 2 Өнер мектебіне оқушы қабылдау талаптары**

Мектепке оқушы қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығы бойынша («Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету қағидасы) жүзеге асады:

Балалар музыкалық, көркем мектептеріне, өнер мектептеріне және көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерге қабылдау әңгімелесу нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Әңгімелесу барысында педагог балалардың өнердің әртүрлі түрлері (музыкалық, бейнелеу, хореографиялық, театрлық) саласындағы қабілеттерінің даму деңгейін анықтайды. Оқушы қабылдау мерзімі басталғанда ең алдымен кеңес беру, тыңдау, қарау, бақылау, қабілетін анықтау бойынша қабылдау жүргізіледі. Бірінші кезекте қабілеті үздік және жақсы деп танылған балалар қабылданады. Кеңес беру, тыңдау барысында қабілеті орташа балалар резервке қойылады, орындар босаған уақытта бос орындарға нәтижесіне қарай қабылдануы да мүмкін.

**МУЗЫКА БӨЛІМІНЕ (ДОМБЫРА, ҚОБЫЗ, ҚЫЛҚОБЫЗ, САЗСЫРНАЙ, ЖЕТІГЕН, БАЯН, ФОРТЕПИАНО, СКРИПКА, ДӘСТҮРЛІ ӘН, ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛ, ХОР )**  
**ҚАБЫЛДАНАТЫН ОҚУШЫНЫҢ** Есту қабілеті, Ырғақ, Есте сақтау қабілеті ескеріледі.  
Оқу мерзімі: 5-7 жыл

**ХОРЕОГРАФИЯ БӨЛІМІНЕ ҚАБЫЛДАНАТЫН ОҚУШЫНЫҢ** Биге икемділігі, Ырғақты ұстауы, Пластика ескеріледі  
Оқу мерзімі: 5-6 жыл

**ТЕАТР СЫНЫБЫНА ҚАБЫЛДАНАТЫН ОҚУШЫНЫҢ** Сөз шеберлігі  
Артикуляция, дикция тазалығы, Ұтқырлығы, Есте сақтау қабілеті ескеріледі  
Оқу мерзімі: 4-6 жыл

**СУРЕТ СЫНЫБЫНА ҚАБЫЛДАНАТЫН ОҚУШЫНЫҢ** Сурет салуға бейімділігі, Қағазға суретті түсірудегі нақтылық ескеріледі  
Оқу мерзімі: 4-6 жыл

**КИІМДІ КӨРКЕМДЕП ҮЛГІЛЕУ СЫНЫБЫНА ҚАБЫЛДАНАТЫН ОҚУШЫНЫҢ** Сурет салуға бейімділігі, Фактура таңдай білуі ескеріледі  
Оқу мерзімі: 4-6 жыл